

Павлодар қаласы әкімділігі, Павлодар қаласы білім беру  
бөлімінің “Павлодар қаласының № 48 санаторлық сәбилер бақшасы”  
Мемлекеттік қазыналы коммуналды кәсіп орыны



Бекітілді \_\_\_\_\_  
«№48 санаторлық сәбилер бақшасы» КМҚК  
басшысы А.Т.Казыбаева

*«Достық теңгесі» тақырыбындағы психологиялық  
тренингке анықтама*

Педагог-психолог: Г.З Мукушева

2024-2025 оқу жыл

**«Павлодар қаласының № 48 санаторлық сәбилер бақшасы»  
Педагог - психологтың ата- аналар жиналысында өткізген  
«Достық теңгесі» тақырыбындағы психологиялық  
тренингке анықтама**

**Тренинг тақырыбы:** «Достық теңгесі»

**Мақсаты:** Ұжымдық қарым- қатынасты нығайту, психологиялық олдау көрсету, психологиялық кеңестермен ақпараттандыру

**Жұмыс жоспары:**

1. Психологиялық ойын: «Достық теңгесі»

2. Баланы қолдау арқылы тәрбиелеу

1.26.09.2024ж «Достық теңгесі» тақырыбына» тренинг өткізілді.

Балабақшамызда Тренинг барысында алдымен ата-аналарды ортаға шақырып, шеңберге тұрғызу. Тренингтің мақсатын және міндеті түсіндірілді. Сұқ саусақпен 100 теңгені ұстап, оның қасындағы ата-ана жіюеру. Ата-ана келесі адамға беріп, шеңбермен жүргізілді.



2. Әрі қарай тренинг жұмыс жоспары бойынша психологиялық кеңес беру жұмыстарымен жалғасты. Видеоролик көрсету арқылы ата- аналарға психологиялық қолдау көрсету.

Әлемге танымал «Прктэр энд гембел» компаниясының видеосі көрсетілді. Видеоның қысқа мазмұны: баланы қолдау арқылы тәрбиелей отырып, үлкен жетістікке жетуге болады екені көрсетілді. Ата-аналар жиналысы соңында әр түрлі психологиялық кеңестер берілді.

Педагог-психолог

Г.Мукушева

7. Балаңыз мектептегі бір мұғаліммен тіл табыса алмай жүр. Балаңызға қандай кеңес айтасыз?
8. Сіздің балаңыз сыныптағы жақсы оқитын оқушылардың бірі, алайда бір күні сынып жетекшісі оны үлгерімі нашар оқушылармен алып қалды, сіздің іс-әрекетіңіз?
9. Балаңыздың сабағы тәртібі жайлы білгіңіз келіп, мектепке келіп тұрсыз. Сынып жетекшісі сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
10. Биыл сіздіні балаңыздың сыныбында оқитындардың бәрінде ұялы телефон бар, тек сіздің балаңызда жоқ. Күнде «әпер» деп, мазаңызды алады, сабаққа барғысы келмейді. Сіз жұмыссыз, енді не істейсіз?
11. Сіздің тұңғышыңызды атасы мен әжесі бауырына басқан. Сабағы қиындап кеткен соң, өздерің қадағалаңдар деп әкеп тастады. Ал, балаңыз тәрбиенізге еш көнер емес, не істейсіз?

## 12. «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы

Ата-аналарға мынандай ережелерді қадағалап отырып сурет салатындығы ескертіледі:

- Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.
- Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды. өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.
- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.
- Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Осыдан кейін ата-аналарға үй, жол, жылан, шарап ішетін бокал, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5-10 сек), ата-аналарды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Ата-аналар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың мынандай мағына білдіретіндігін айтады: